

**"Жамбыл ауданы аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №64-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 17-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 наурызда № 5167-08 болып тіркелді

Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл ауданы аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы №64-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4642 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің №3 қосымшасындағы "150" деген саны "800" деген санымен ауыстырылсын.

1. "Жамбыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жамбыл аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамсыз етсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық  
мәслихат төрағасы*

*М. Шайдаев*